



АЛЫП ҮЙДЕН
ШЫҚҚАН АЙҚАЙ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



83 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ...

6-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



ТҮЙІНІ ЖОҚ
ТАРТЫС

9-БЕТ | ШАРТАРАП

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Биыл алғаш рет аталып жатқан
Ұлттық кітап күні құтты болсын!
Бұл – білімпаздық, ізденімпаздық,
кітапқұмарлық сияқты игі қасиет-
терді дәріптейтін күн. Кітап оқыған
ұрпақ озық ойлы болады. Сапалы
ұлт осындай құндылықтар арқылы
қалыптасады.

№47
(4791)
Бейсенбі
24 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСЫЛ МҰРАТЫНАН АЙНЫМАҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті жазушы, драматург, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің қайтыс болуына байланысты оның жұбайы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Роза Мұқанова мен балаларына көңіл айтты.

«Әкім Тарази бүкіл саналы ғұмырын сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді төрге оздырған ұлтымыздың біртуар перзенті еді. Дарынды қаламгер қазақ прозасының көкжиегін кеңейтті, ұлттық кино және драматургия саласына өлшеусіз үлес қосты. Асыл мұратынан ешқашан айнымаған қалам иесін көзі қарақты оқырман «Әдебиет әлемінің Әкімі» деп ардақ тұтты, зиялы қауым оның шығармашылығымен қатар адамгершілік қасиеттерін ерекше бағалады. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол мұра қалдырған Әкім Таразидің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады» делінген жеделхатта.

7-бетте



12

ОҚЫҒАН ҰРПАҚ ОЗАДЫ

Елордада Ұлттық кітап күні ерекше мазмұнда аталып өтілді. Алғашқы рет аталып өтілген мереке аясында кітапханалар мен мектептерде салтанатты жиындар, қаламгерлермен кездесулер, интеллектуалдық ойындар және «Astana Eurasian Book Fair-2025» VIII халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінің салтанатты ашылуы өтті.



Астана әкімдігі соңғы қоңырауға қатысты желіде тараған ақпаратқа түсінік берді.

«Әлеуметтік желіде мектеп бітіруші түлектер үшін салтанатты іс-шаралар өткізілмейді деген ақпарат тарап жатыр. Осыған орай, аталған ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін ресми түрде хабарлаймыз. Мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты іс-шаралар дәстүрлі форматта өткізіледі. Түлектерге лента тағуға, естелік суретке түсуге, мектеп вальсін билеуге рұқсат етіледі» делінген хабарламада.

«Барлық түлекке қауіпсіз және тең жағдай жасау мақсатында аста-төк салтанатты кеш өткізуді, қаражат жинауды, автокөлікпен серуендеуді және осыған ұқсас өзге де іс-шараларды өткізуді ұсынбаймыз» делінген әкімдік хабарламасында.



ӘЛЕМДІК ТУРНИР ӨТЕДІ

Елордада 9 мамыр күні дзюдодан әлемдік рейтингілік Qazaqstan Barysy Grand Slam турнирі басталады.

Үш күнге созылатын байрақты доданы еліміз биыл үшінші рет ұйымдастырғалы отыр. Әлемдік бәсеке Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтеді.

Рейтингілік жарыстың нәтижесінде IJF ережелеріне сәйкес жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері арасында әлемдік және олимпиадалық рейтингілерде ұпайлар бөлінеді. Атап айтқанда, I орын үшін – 1 мың, күміс жүлдегерге – 700, ал қола медаль алғанға 500 ұпай есептеледі.

Қазақстан дзюдо федерациясы мен Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) екіжақты келісімшартына сәйкес Қазақстан әлемдік Grand Slam жарысын 2026 жылға дейін қабылдайды.

Астана қаласы әкімдігінің Дене шынықтыру және спорт басқармасы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадион мен «Қазақстан» спорт сарайын қайта салуға қатысты мәлімет берді.

«Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионның құрылысына қатысты қазіргі уақытта ғимараттың қаңқасын тұрғызу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Арнаулы мемлекеттік қордан толық қаржыландыру шартымен құрылысты аяқтау 2026 жылдың 1-тоқсанында жоспарланып отыр.


Сонымен қатар, «Қазақстан» спорт сарайын қайта құру мәселесі бойынша 2025 жылғы 8 сәуірде мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Енді жергілікті бюджеттің келесі нақтылауында (мамыр/маусым) құрылыс-монтаж жұмыстарына қаражат сұралады. Оны аяқтау 2026 жылдың қыркүйегінде жоспарланған».

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 593.5 \$ USD/KZT 521.9 ₸ RUB/KZT 6.39 ¥ CNY/KZT 71.47

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



30 ХОРВАТ КОМПАНИЯСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Хорватияның Сыртқы және еуропалық істер министрі Гордан Грлич-Радманды қабылдады. Президенттің айтуынша, Гордан Грлич-Радманның бұл сапары Хорватияның екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беруге ниетті екенін көрсетеді. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ықпалдастық өзара сенім мен сындарлы диалог рухында дами беретініне сенім білдірді.

Президент хорват компаниялары Қазақстан нарығында энергетика, инфрақұрылым, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі сияқты салаларда жұмыс істеуге қызығушылық танытып отырғанын айтты. Қазір елімізде Хорватияның үлесі бар 30-дан астам компания

табысты қызмет етеді. Олардың қатарында Pliva және Podravka секілді танымал брендтерді айтуға болады. Мемлекет басшысы бүгінгі Қазақ-хорват бизнес форумына Хорватияның көптеген ірі бизнес өкілі қатысып жатқанын қолдады. Жиын аясында

қол жеткізілген келісімдер сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың өрісін кеңейтуге ықпал ететініне тоқталды. Бұдан бөлек, кездесуде мәдениет және білім салаларындағы байланыстарды нығайту перспективасы талқыланды.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс депутаттары зияткерлік меншік мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Түзетулер Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатымен әзірленген.

Заң жобасында зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау, оны дамытуға қолайлы жағдай жасау, елге инвестиция тарту және креативті экономиканы дамыту үшін қосымша құқықтық құралдар қарастырылған. Азаматтық кодекске (Ерекше бөлім), «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске және бес заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Тауар белгісі ретіндегі белгілеуді тіркеуге қарсылық беру мерзімін бір айдан екі айға дейін ұлғайту ұсынылады. Бұзушылықты тіркеуге бір ай жеткіліксіз, өйткені қарсылық беру үшін бірқатар қажетті материалды дайындау қажет. Әйтпесе, заңсыз тауар белгісін тіркеу қаупі бар. Сонымен қатар авторлардың жарияланған туындыларын таратуға, көпшілікке жеткізуге және көпшілік ал-

дында орындауға байланысты құқықтарына қосымша шектеулер енгізіледі. Осылайша, загіптар мен көру қабілеті бұзылған немесе баспа өнімдерін қабылдау қабілеті шектеулі адамдар авторлардың келісімінсіз баспа өнімдері мен жарияланған туындыларға қол жеткізе алады. Зияткерлік меншік мәселелері жөніндегі заң жобасында таңбаларды тауар белгілері ретінде сараптау мен тіркеуді жеделдету нормасы қарастырылған. Алдын ала сараптама жүргізу мерзімін өтініш берілген күннен бастап бір айдан 10 жұмыс күніне дейін, ал толық сараптама жүргізу мерзімін жеті айдан үш айға дейін қысқарту ұсынылады. Бұл дамушы брендті пайдаланудан пайда табуға байланысты үшінші тұлғалар тарапынан болатын жосықсыз іс-қимылдардың алдын алуға көмектеседі.

Сондай-ақ патенттік сенім білдірілген өкілдерді дараландыру құралдары мен өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша мамандандыру енгізіледі. Оның болмауы қазіргі уақытта зияткерлік меншіктің жекелеген салаларында, әсіресе техникалық күрделі салаларда сараптамалардың шектелуіне әкеледі. Түзетулер тауар белгілерін тіркеуден бас тарту негіздерін де нақтылайды. Мысалы, 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына сәйкес, Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі одақ елдерінің туларының, елтаңбаларының және эмблемаларының жеке элементтерін қамтитын белгілер тауар белгісі ретінде тіркелмейді. Сондай-ақ формальды сараптама сатысында өнертабысқа патент беруден бас тарту мүмкіндігін белгілейтін жеке ереже де қарастырылған.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал Асим Мунирді қабылдады. Кездесуде қорғаныс және әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ екі ел арасындағы байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды.

Президент Қазақстанның Пәкістанды Оңтүстік Азиядағы маңызды серіктесі ретінде қарастыратынын атап өтті. Сонымен қатар екіжақты қарым-қатынастардың оң қарқынмен дамып келе жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі елдің экономикалық, соның ішінде сауда, көлік және

логистика салаларындағы байланыстарын одан әрі ілгерілетуге айтарлықтай әлеуеті бар. Асим Мунир Мемлекет басшысына Пәкістанның Премьер-министрі Шахбаз Шарифтің ықыласын жеткізді. Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы Қазақстан мен Пәкістанның қорғаныс ведомстволары ара-

сындағы ықпалдастықты жоғары бағалады. Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықты өркендетуге тың серпін берудің, экономиканың түрлі секторындағы өзара мүддеге сай келетін мүмкіндіктерді толық жүзеге асырудың маңызына назар аударылды.



КӨНЕ ЖӘДІГЕРЛЕР ТУРИСТЕРДІ ТАРТАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету мәселесі қаралған Үкімет отырысында еліміздің тарихи құнды жәдігерлерін туристерді өзіне тартатын орталықтарға айналдыру қажет екенін атап өтті.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне бүгінде әлемдік деңгейде мойындалған бірегей тарихи-мәдени жәдігерлер енгізілген. Олардың ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтері, Қаялық, Талғар, Ақыртас қалашықтары және басқа да теңдесі жоқ құнды, тарихи-мәдени мұралар бар. Премьер-министр Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында Қазақстанның материалдық және материалдық емес мұраларын ЮНЕСКО-ның халықаралық тізімдеріне енгізудің маңыздылығын атап өткенін, төрткүл дүние елімізді дәл осы тізімдер арқылы танып білетінін жеткізді. Осыған байланысты еліміздің мәдени құнды жәдігерлерін туристерді өзіне тартатын орталықтарға айналдыруымыз керек. Оларды фильмдер мен бағдарламаларда көрсетіп, кітаптар мен мектеп оқулықтарына енгізу қажет. Сондай-ақ көрмелер мен форумдарда кеңінен насихатталуы тиіс.

Сонымен қатар, бүгінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралардың тізіміне күй өнері, қазақ күресі, асық ойыны, «Беташар» салты, «Ортеке» биі және басқа да ұлттық құндылықтарымыз енді. Шетелдік туристер тарапынан Қазақстанның тарихи құндылықтары мен мәдени мұраларына деген қызығушылықтың артқаны атап өтілді. Ең бастысы, біздің жастарымыздың тарапынан тарихты тануға деген ынта-ықылас пен қызығушылық өсіп келеді. Осы орайда халықтың көлөнері мен әдет-ғұрыптарды қайта жаңғырып жатыр. Жастар фольклорлық подкасттар жазып, ұлттық киімдердің заманауи

интерпретацияларын жасауда. Музыка мен спортта да қазақтың символикалық құндылықтарына жиі мән беріп келеді. Олжас Бектенов мұндай үдерістерге Үкімет үнемі қолдау көрсететінін атап өтті. Үкімет отырысында Қазақстанның ЮНЕСКО тізімдеріне енгізу жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді. Материалдық емес мұрамызды, мысалы, қолөнерге үйрету және әдет-ғұрыптарды сақтауды Үздік тәжірибелер тізімдеріне енгізуге назар аудару керек. Сондай-ақ Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстанмен бірлесіп, «Жібек жолы: Каспий-Еділ дәлізі» жаңа трансұлттық номинациясын дайындауды жалғастыру қажет. Бірнеше күн бұрын «Хандар шежіресі» қолжазбасы «Әлем жады» тізіліміне енгізілді. Бұл – аталған құжаттың құндылығын мойындау фактісі ғана емес, оны халықаралық қорғау әрі қарай зерделеу және дәріптеу құралы. «Алтын Орда, Қазақ хандығы бойынша жазбаша дереккөздер, Ұлы Жібек жолы, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы туралы шежірелер – әлемдік тарихи жадының бір бөлігі. Біздің міндетіміз – оларды сақтай отырып, Қазақстанның жаһандық өркениеттің дамуына қосқан үлесі ретінде ілгерілету. Осындай құжаттар, танылған тарихи және мәдени нысандар арқылы Қазақстанға деген қызығушылық артып, еліміздің имиджі көтеріледі, жалпыұлттық бірегейлігіміз нығаяды. Мемлекет басшысы осы бағыттағы жұмысты жандандыруды тапсырды. Ол үшін кешенді ведомствоаралық өзара іс-қимылмен қатар,

халқымыздың төл тарихына, құнды жәдігерлері мен мәдени мұрасына жанашырлықпен қарау қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов. Премьер-министр ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету мәселелерін қарау қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берді: Мәдениет және ақпарат министрлігі ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны сақтау және ілгерілету жөніндегі алдағы кезеңге арналған кешенді жоспардың жобасын әзірлеп, осы жылғы 1 қыркүйекке дейін Үкімет қарауына енгізсін. Мүдделі органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, тарих және мәдениет ескерткіштеріне түгендеу жүргізіп, осы жылғы 1 тамызға дейін тиісті құжаттарды ЮНЕСКО-ға жіберуі қажет. Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстарының әкімдіктері биылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде дүниежүзілік мұра объектілерінің аймақтарын мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізсін. Туризм және спорт министрлігі Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірге мәдени мұра объектілері мен элементтерін ескеретін туристік маршруттарды әзірлеп, іске қоссын. Сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, ЮНЕСКО тізімдеріне енгізілген объектілер мен элементтер бойынша цифрлық танымдық өнімдер жасауы қажет. Мәдениет және ақпарат министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, Қазақстанның мәдени құндылықтарын ілгерілету және насихаттау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізсін.



МЕРЕКЕЛІК ТӨСБЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада Астана қала әкімі Жеңіс Қасымбектың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Отырыс барысында ҚР Президенті, ҚХА Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалі этносаралық татулықты нығайтуға және қоғамдық келісімді сақтауға үлес қосқан бірқатар азаматтарға табысталды.

Марапат иелерінің қатарында Астана қаласындағы этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен белсенді мүшелері бар.

Айта кетейік, бүгінде Астана қаласында 3500 түрлі этнос өкілдерін қамтыған 23 этномә-

дени бірлестік өз жұмысын атқаруда. Олар ұлттық мәдениетті сақтау, дамыту және қоғамдық бірлікті нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Ал 2024-2025 жылдар аралығында 375 ірі іс-шара өткізілді, оның ішінде 11 халықаралық, 17 республикалық және 347 қалалық іс-шаралар бар.

Жұмыстың маңызды бағыттарының бірі – қайырым-дылықты дамыту.

«Жастар Ассамблеясы» ҚБ-ның Астана қаласындағы өкілдігі ҚХА идеяларын наси-

хаттау бойынша белсенді жұмыс атқаруда. Жастар тақырыптық челленджерге, сенбіліктерге, фестивальдерге, флешмобтарға, волонтерлік қозғалыстарға белсенді қатысады. Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық топ, ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі, «Ассамблея жастары» ұйымының қалалық штабы, «Жыр орталығы», «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, «Мәміле» қазақ тілі клубы және 50-ден астам шығармашылық ұжым қызмет етеді.



ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ҮЛКЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстанда толеранттылық – үлкен құндылыққа айналды. Ал толеранттылық дегеніміз – төзімділік, сабырлық, шыдамдылық және имандылыққа негізделген ізгілік жолы. Мұны тәуелсіздікке ие болған отыз жылдан астам уақыттағы жеткен жетістігіміз деп айтуға нақты негіз бар. Осыдан 30 жыл бұрын, яғни, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның негізгі мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық рухани және мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біртұтастықты және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету емес пе?

Бірлік пен тұрақтылық болғанда ғана саяси-экономикалық реформалар жүзеге асатындығын ұмытпағанымыз жөн. Ұлтаралық бірлік – мақсатымызға апаратын төте жол ғана емес, бұл – мемлекеттігіміздің ең басты тірегі. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы ел бірлігінің мызғымас құндылықтарымен қатар тұруы тиіс. «Отан отбасынан басталады» демекші, татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта ғана емес қоғамда, үйде, ұжымда да дәріптелуі тиіс. Бүгінгі таңда әрбір Қазақстан азаматы елдің бірлігі мен татулығы сияқты мызғымас қағидаға әрдайым адал болуы керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы шын мәнінде мемлекетіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институтқа айналды. Сондықтан да Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың басын біріктіріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА-ның XXXIII сессиясында «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз», «Қазақстанның халқы біртұтас» деген қағидаттар көрініс табуы тиіс. Бұл – мызғымас әрі берік қағидаттар» деп ерекше атап өткен болатын. Демек, Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіре жүргізудің маңызы өте зор. Мемлекет басшысы үшінші Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік. Жасампаздық және жаңашылдық» бұл – біздің саяси идеологиялық тұжырымдамамыздағы басты бағыт-бағдарымыз деп ерекше атап өткен болатын.

Бұл тұжырымдаманың мән-мағынасын Астананың этномәдени бірлестіктері және Ассамблея жанындағы қоғамдық ұйымдар терең түсіне отырып, күнделікті атқаратын іс-ша-



Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің нәтижесі дер едік. Сондықтан Жаңа Қазақстан құрудағы басты қағида – ол этносаралық татулықты, бірлікті, сыйластықты берік ұстану.

ралардың алғышарты ретінде қарастыруда. Мәселен, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» деген қағида бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғымдар. Ассамблея мүшелері осы құндылықты басты негізге алып, мұны ұлттың жаңа сапасын

қалыптастыру жолындағы негізгі бағыт-бағдар деп біледі. Жалпы «Адал азамат» ұғымы астарында қоғамдағы құндылықтардың күре тамыры жатыр. Адалдық бар жерде татулық пен келісім халқымыздың бірлігі жатыр емес пе? Олай болса, азамат-

тық теңдік, еңбексүйгіштік пен татулықты қастер тұтатын зайырлы ел болып табылатын Қазақстанның алға ұмтылатын мемлекеттің мерейлі межесі – этносаралық татулықты мәңгі сақтап қалу.

Астана қалалық Ассамблеясы

этносаралық татулықты, бірлікті, сыйластықты берік ұстануға өз үлесін қосып келеді. Өткен 2024 жылы Астана қалалық Ассамблеясының хатшылығы мен Астана әкімшілігі жанындағы «Қоғамдық келісім» ҚМУ және этномәдени бірлестіктерінің қатысуымен 295 іс-шара өткізіліп, оған 76 мыңнан астам адам қатысты. 7 784 адамға әлеуметтік көмек жасалды. Соңғы деректерге көз жүгіртсек, қазіргі күнде Астанада 1 миллион 528 887 адам тұрады. Оның 150 мыңға жуық орыс ағайындар болса, қалғандары – басқа да ұлт өкілдері. Яғни, жергілікті халықтың үлес салмағы – 82 пайыздан асады деген сөз. Жалпы Астана халқының тұрғындары ҚХА-ның қызметімен танысқан адамдардың үлес салмағы 135 000 адамды құраған. Бұл – жалпы елорда халқының 9 пайызы. Мәселен, өткен жылы ҚХА-ның оның ішінде этносаралық қарым-қатынасты насихаттауға бағытталған 1784 материалдар әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде жарияланды. Бұл шығарылымды 60 мыңға жуық адам қараған.

Біз жыл өткен сайын Ассамблеяның институтыналық әлеуетін нығайтуға күш салып келеміз. Сонымен қатар, мемлекеттік органдармен қалалық мәслихатпен қарым-қатынасты жақсарту түсуді басты назарда ұстаудамыз. Қалалық Ассамблея хатшылығы түрлі мекемелермен

серіктестік орнатып, басқаларға үлгі болуды мақсат етіп отыр. Ассамблея әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін орталыққа айналды. Оның ішінде отбасы институтын сақтауға және ұлтаралық, мәдениет-аралық байланысты нығайту, жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеп, құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында Ассамблея жанындағы Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің рөлі ерекше екендігін атап өткім келеді. Бүгінгі таңда Ассамблеяның құрамына 23 этномәдени бірлестіктері кіреді. Ақсақалдар мен Аналар алқасы, ғылыми-сараптама және Ассамблеяның баспасөз орталығы, журналистер, блогерлер мен «Мәміле» атты пікірталас клубы тұрақты жұмыс жасайды. Бізде волонтерлердің жұмысына қатысты жаңа жобаларға үнемі қолдау көрсетіледі. Бір сөзбен айтсам, Ассамблея бірегей азаматтық институт ретінде құрмет пен сенімнің қоғамға орныға түсуіне зор үлес қосып келеді.

Астанада 17 этномәдени бірлестігі бар. Олар – орыс, көріс, неміс, шешен-ингуш, украин, өзбек, армян, қырғыз, татар-башқұрт, болгар, қарақалпақ, ұйғыр, поляк этностары. Жалпы 36 өнер ұжымы жұмыс істейді. Былтыр олардың қатысуымен 4 көркемөнерпаздар фестивалі өтті. Ашығын айтсақ, қазіргі күнде Астанадағы «Достық үйі» Ассамблеяның ауқымды бастамаларын жүзеге асыратын, яғни жалпыұлттық ықпалдастықты нығайтатын орынға айналды. Мемлекет басшысы айтқандай, біз «Достық үйін» этномәдени бірлестіктердің бас қосатын орны ғана емес, қоғамдық кездесулер мен талқылаулар өтетін және тың бастамалар мен идеялар туындайтын сонымен қатар, жергілікті қоғамдық ұйымдардың дамуына жол ашып, жақсы бастамаға тірек болатын, бірлік, жасампаздық, өрлеу сияқты құндылықтарды дәріптейтін орталыққа айналуына мүмкіндік жасаудамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда: «Жалпыұлттық доктрина, яғни тұғырнама жетекші қоғамдық институттардың барлығы қолдаса ғана толық жұмыс істей алатындығын ұғынған жөн. Қоғамның қолдауы болмаса, бұл доктрина қағаз жүзінде қалады. Ондағы негізгі қағидаттарды орнықтыру ісіне Ассамблея басты роль атқаруы тиіс» деп ерекше атап өткен болатын. Сондықтан, Президент алдымызға қойып отырған бұл талап-міндетті орындау жауапкершілігін терең түсініп отырымыз.

Нұрдәулет ӘЛІМҰХАНОВ,
Астана қаласы Ішкі
саясат басқармасының
басшысы

№47 (4791) 24/04/2025 Бейсенбі

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ

Астана қаласындағы «Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш» жанында «Тарихқа тағзым – тазалықтан басталады» атты эко-патриоттық акциясы өтті.

Шапағат
ӘБДІР

Оған жалпы білім беретін мектеп оқушылары қатысты. Іс-шара аясында шәкірттер ескерткіш маңындағы саябақ аумағын тазалап, одан кейін олар үшін ата-бабалар ерлігіне құрмет пен тарихи жадының маңызын түсінуге бағытталған тарих сабағын тыңдады.

Ұйымдастырушылар акцияның мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рухты, қоршаған орта мен тарихи-мәдени мұраға ұқыпты көзқарасты қалыптастыру екенін айтады.

– Бүгін біздің жетекшілігімізбен оқушылар Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, ескерткіш алдына жиналды. Балаларға соғыстың ауыр тағдыры, майдангерлердің ерлігі жайлы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,



ашық тәрбие сағатын өткіздік. Осыдан кейін оқушылар ауладағы ағаштарға құстарға арналған ұялар іліп, сен-

білік ұйымдастырды, – деді №56 мектеп лицейінде тарих және құқық пәні мұғалімі Дәуірхан Сәрсен.

АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ



Елорданың Жоғары көлік және коммуникация колледжінде Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты мерекелік концерт өтті.

Индира
БЕРЖАНОВА

Астана қаласындағы колледждер бірлесе ұйымдастырған іс-шараға Қарулы күштердің, Ауған соғысының ардагерлері, зейнеткерлер мен студенттер қатысты. Мерекелік іс-шара халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігін ұлықтауға арналды. Іс-шара алдында Астана қаласының Қорғаныс істері департаменті мен Әске-

ри-тарихи музей өкілдері Ұлы Отан соғысы батырлары туралы мәлімет пен ұрыс далаларынан табылған артефактілердің көшпелі экспозициялық көрмесін ұйымдастырды.

– Бұл – адамзат тарихындағы ең үлкен оқиға. Болашақ ұрпақ санасында жеңістің жоғары рухы мен тарихи маңызын мәңгі ойларында қалыптастыра білу қажет. Жеңіс күні біздің халқымыздың бейбітшілік, келісім және өркендеу сияқты құндылықта-

рының айрықша маңыздылығын тағы да растайды, – деді Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры Бірлік Қапезов.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Астана филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп бара жатқанын айта келе, кешегі майдангер бүгінгі ардагерлерге құрмет әрқашан бөлек екенін жеткізді.

Концерттік бағдарлама барысында астаналық колледждердің өнерпаз студенттері сахналық қойылымдарын ортаға салды. Сондай-ақ бір топ ардагерлер арнайы алғыс хатпен марапатталды.



КҮНДЕ КІТАП ОҚИДЫ

«Оқитын мектеп» жобасы аясында 2023 жылдың 6 қарашасынан бастап Астанадағы барлық мектептер мен колледждерде «8 минуттық оқу» жобасы жүзеге асырылып келеді. Бүгінде елордалық оқушылар мен студенттер сабақтарын кітап оқудан бастайды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бүгінде бұл жоба Астанадағы 112 мемлекеттік мектеп пен 9 колледжді қамтып отыр. Жоба барлық жас ерекшелігіндегі білім алушыларға – бастауыш сынып оқушыларынан бастап колледж студенттеріне дейін бағытталған. Мектептердегі жоба оқудың негізгі дағдыларын дамытуға, мәтінді түсіну қабілетін арттыруға және күнделікті кітап оқуға дағдыландыруға бағытталған. Ал колледж студенттері үшін кәсіби бағыттағы мәтіндер ұсынылып, бұл олардың сыни ойлау қа-

білеті мен ақпаратты талдау дағдыларын дамытады.

– Оқушылар күнделікті 07.45-те мектепке келеді, ал 07.50-де 8 минуттық оқу басталады. Бастауыш сыныптағылардың оқуына арналған ертегілер әр сыныптың бұрышында орналасқан. Ал жоғары сыныптың оқушылары өздерінің күнделікті оқып жүрген әдебиеттерін алып келіп оқиды. Ай аяқталған кезде қорытынды бойынша ертегілерден қойылым қояды, суреттер салады, ал жоғары сынып оқушылары өздері оқыған кітаптар

бойынша жоба жұмысын жасап, қорғайды. Оның барлығы сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен жүргізіледі. Кейде балалардың оқып жатқан кітаптарына қарап, танымал жазушылар мектепке шақырылып, кездесу өткізіледі, – деді аталған жоба туралы №8 мектеп-лицейдің директоры Гүлнұр Айтимова.

Айта кетейік, жобаның негізгі мақсаты – оқуға деген қызығушылықты арттырып, жан-жақты дамыған, мәдениеті жоғары тұлғаны қалыптастыру.

ӘКІМНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары лауазымына 38 жастағы Ілияс Бағдәулетов кірісті.



Ол еңбек жолын 2010 жылдан бастады, 2010 жылдан 2020 жылдың тамызына дейін мемлекеттік құрылымдарда әртүрлі лауазымдарда еңбек етті. 2020 жылдың маусымынан 2022 жылдың қаңтарына дейін Астана қаласы әкімінің кеңесшісі болып жұмыс істеді.

ШОЛУ ШАРЫНДА – АБАЙ БЕЙНЕСІ

Ұлы ақын, ойшыл және ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Астанадағы Шолу дөңгелегінде ақынның портреті жарияланды.

LED жарықтандырудың көмегімен жасалған портреттің диагоналі 65 метрді құрайды және 53 мың пиксельден тұрады. Бұл ауқымды инсталляция қаланың әртүрлі орындарынан – Сарыарқа мен Тұран даңғыл-

дарынан, сондай-ақ Қорғалжын тасжолы жағынан жақсы көрінеді.

Алдағы уақытта дөңгелекке ақынның қанатты сөздерін жариялау арқылы инсталляцияны толықтыру жоспарланып отыр.



АҒАШТАРДЫҢ АЙРЫҚША ТІЗІМІ

Астана қаласы әкімдігінің Урбанистика орталығы ағаштарды электронды паспорттау жұмысын бастады.

Енді қаладағы жаңа отырғызылған әрбір көшеттің цифрлық тәлқұжаты болады. Болашақта бұл жүйе бұрын отырғызылған тал-теректерді де қамтиды.


Жасыл желектің жаңа тізімінде мына мәліметтер тіркеледі: ағаштың түрі мен егу күні; орналасқан жері; күтімге жауапты тұлға; суару, бұтау, тыңайту және жалпы күйі туралы мәлімдеме.

Бұл – жай ғана есеп үшін емес, бұл нақты мақсатқа бағытталған жүйе:

– Әр отырғызуды нақты бақылауға алу; күтімді жоспарлау және мәселелерге жедел әрекет ету; мердігерлердің жұмысын қадағалау; ағаштардың шығымдылығын арттырып, шығынды азайту.

Қала тұрғындары QR-кодты сканерлеп, ағаш туралы толық ақпарат алуға және қажет болса, мәселе туралы хабарлауға болады.

Мұның бәрі – қаланың жасыл қорын басқарудың жүйелі тәсілінің бір бөлігі, осылайша әрбір ағаш бақылауда болады.





ҚОҒАМДЫҚ САНИТАРИЯ – МӘДЕНИЕТ КӨРСЕТКІШІ

Қазақстан – туристік әлеуеті зор ел. Бірақ елімізге саяхаттай келген қонақтар мен жергілікті туристердің жолға шыққанда немесе саяхат орындарына барған кезде бетпе-бет келетін басты мәселенің бірі – дәрет-хананың тапшылығы. Дәретхана мәселесі – жай ғана тұрмыстық мәселе емес. Ол – адам денсаулығы, қоғам гигиенасы мен елдің мәдени даму деңгейінің көрсеткіші. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Ж уырда Үкімет отырысында отандық туризмді дамыту және оны цифрландыру мәселесі талқыланды.

Жиыннан кейін журналистер қоғамдық дәретхана тапшылығын көтеріп, осы салаға жауапты тұлғаларға сұрақ қойды. Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаевтың айтуынша, бүгінге дейін жол бойындағы сервистік инфрақұрылым бойынша бірқатар жұмыс атқарылған.

– Туристік бағыттар бойында 493 дәретхана қажет екені анықталған. Оның 300-ден астамы бүгінде салынып бітті. Бұл мәліметтер 2021 жылы «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы жүргізген аудит нәтижесінде белгілі болды. Жергілікті атқарушы органдар да осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Әсіресе, ұлттық паркер мен шалғай аймақтарда заманауи технологиямен жабдықталған нысандар орнатылды. Мәселен, Алматы ұлттық паркінде француз технологиясымен жасақталған дәретханалар жұмыс істеп тұр, – деді вице-министр.

Оның айтуынша, бұл мәселені шешуге Көлік министрлігі де белсенді қатысады. Республикалық маңызы бар автожолдар бойында 1400-ден астам сервистік нысан ұлттық стандартқа сай келтірілген. Жыл сайын ескірген, лас 100 шақты әжетхана алынып тасталып, орнына жаңа санитарлық нысан бой көтеруде. Биылдың өзінде тағы 25 нысан салынбақ.

Қоғамдық дәретхана мәселесі елімізде енді ғана көтеріліп отырған тақырып емес. Бұл түпкітілге қағисты дабыл кемінде 20 жылдан бері қағылып келеді. Парламент мінберінен де айтылды, жергілікті әкімдіктер де уәде берді. Бірақ нақты нәтиже өте баяу. Кейбір жерде салынған нысандар уақыт өте келе қараусыз қалып, жарамсыз күйге түсті. Жобалар бар, қаржы бөлінген, бірақ бақылау мен жауапкершілік әлсіз. Сондықтан дәретхана мәселесін шешу – тек инфрақұрылым салу емес, оны ұқыпты пайдалану мен жүйелі басқару мәдениетін қалыптастырумен де қатысты екенін ескеру керек.

Мемлекет тарапынан бұл салада бизнес өкілдерін ынталандыру да қолға алынған. Жеке кәсіпкерлерге

санитарлық талапқа сәйкес келетін әрбір «биотуалет» үшін ай сайын 83 мың теңге өтемақы төленуде. Алайда мәселенің толық шешілуі – уақыт пен қаржыға тәуелді.

Қоғамдық дәретхана тапшылығы Алматы мен Астана сынды үлкен қалаларда да ушығып тұр. Яғни туристік орындарда ғана емес, ірі қалалардың көбінде жұрт ортақ пайдаланатынын қоғамдық дәретхана жоқ. Бас қаланың өзінде қоғамдық кеңістіктерде, балалар ойын алаңының маңында дәретхана салу мәселесі ескерілмеген. Шетелдегі сияқты тұрғындардың көз келген нысаннның тазалық үшін қажылы пайдалануына құқылы деген заң бізде жоқ. Сосын да қысылған кейбір азаматтар сыртқа дәрет сындыруға мәжбүр. Ал қоғамдық орында дәрет сындыру – әкімшілік құқық

АСТАНАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДӘРЕТХАНА МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ҮШІН КЕШЕНДІ, ӘРІ ЗАМАНҒА САЙ ТӘСІЛДЕР ҚАЖЕТ. ТЕК ДӘРЕТХАНА САЛЫП ҚОЮ ЖЕТКІЛІКСІЗ – ОНЫ КҮТІП ҰСТАУ, ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ, ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ СЕКІЛДІ МІНДЕТТЕР ҚАТАР ЖҮРУІ КЕРЕК

бұзушылық саналады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының «Ұсақ бұзақылық» нормасы бойынша мұндай әрекетке барған азамат айыппұл арқалайды немесе ескерту алады. Алайда халықты қиналамаз бұрын, жағдай жасалған ба деген сұрақ алдымен туындауы керек еді ғой. Дайын әйтехана болса, ешкім сыртқа дәрет сындырмайды. Сондықтан бұл мәселені шешпей тұрып, азаматтарды жазалау – әділетсіздік. Яғни бұл турмыстық түйткіл тек бақылаумен талап қоюмен емес, алдымен қажеттілікті өтеумен шешілуі тиіс.

Астанадағы қоғамдық дәретхана мәселесін шешу үшін кешенді, әрі заманға сай тәсілдер қажет. Тек дәретхана салып қою жеткіліксіз – оны күтіп ұстау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тазалығын сақтау, қолжетімді ету секілді міндеттер қатар жүруі керек. Осы тұрғыда әлемнің озық елдерінің тәжірибесінен үйренуге болады.

Біріншіден, Астанада қоғамдық дәретханаларды тек орталық көшелер мен саябақтарда ғана емес, тұрғын үйлердің тығыз шоғырланған ай-

мақтарында, базар, вокзал, аялдама, ойын-сауық орталықтары маңында да орналастыру қажет. Бұл жерде Сингапур мен Жапонияның тәжірибесі маңызды – оларда әрбір қоғамдық кеңістікте кемінде бір санитарлық топтастыр. Бұл қала мәдениетінің бір бөлігі саналады.

Екіншіден, елордада жыл бойы жұмыс істей алатын жылытылған модульді дәретханалар орнату маңызды. Мәселен, Финляндия мен Канада сияқты суық елдерде қоғамдық дәретханалар жылытылып, желдетіліп, антисептик пен гигиенаға қажетті құралдармен жабдықталады. Мұндай дәретханалар күн мен жел энергиясымен де жұмыс істей алады.

Үшінші, бізге де «бір кесе кофе» моделі» керек. Германияда және Францияда ақылы дәретханалар кең таралған. Бұл дәретханаларда қызметкер отырады, тазалық жоғары деңгейде сақталады. Бағасы – бір шыны кофе құнымен бірдей. Бұл – таза, қауіпсіз әрі ыңғайлы дәретханың кепілі. Қазақстанда да осындай сервистік мәдениетті қалыптастыру керек. Ақылы болсын, бірақ сапалы, қауіпсіз және таза болса, жұртқа да ыңғайлы болады.

Төртінші, қоғамдық дәретхана салуға және күтіп ұстауға жеке кәсіпкерлерді тарту – тиімді шешім. Мысалы, Нидерландыда қала әкімдігі жерді береді,

инвестор дәретхана салады, күтіп ұстайды, ал ақылы кіріс өзіне қалады. Қазақстанда да бұл үлгі жүзеге асып келе жатыр, бірақ өте баяу. Бұл ретте әкімдіктердің белсенділігі қажет.

Бесінші, Лондон мен Нью-Йорк қалаларында қоғамдық дәретханалардың орналасқан жері арнайы мобильді қосымшада көрсетіледі. Астанада да осындай «ToiletMap Astana» секілді қосымша не сайт керек. Бұл әсіресе туристер мен қала қонақтары үшін өте маңызды.

Дәретхана – тек физиологиялық қажеттілік қана емес. Бұл – адам денсаулығы мен қоғам гигиенасының кепілі. Мәдениет пен өркениет деңгейінің көрсеткіші. Турист келген елдегі алғашқы әсері көбінесе жолдағы сервис пен санитарлық жағдаймен тығыз байланысты болады. Қазақстанның туристік тартымдылығы жай ғана сандармен емес, нақты сезіммен өлшенеді, ол сөзімді тазалық пен жайлылық тудырады. Сондықтан бұл мәселені екінші қатардағы тақырып деп қарауа болмайды. Туризмді дамытамыз десек, дәретхананы да ұмытпаған жөн.

АЛЫП ҮЙДЕН ШЫҚҚАН АЙҚАЙ

Сәуір айының басында Астана қаласындағы ең үлкен тұрғын үй кешенінің бірінде мәселе туындады. Дұрысы, «Хайвил Астана» көпқабатты тұрғын үй кешенінің тұрғындары өз мүдделеріне нұқсан келгенін айтып отыр. Мәселе «Community Center» ғимаратына қатысты. Бұл аталған тұрғын үйдің «D» блогында орналасқан әлеуметтік-мәдени, емдеу-сауықтыру орталығы еді. Әу баста «High Vill Kazakhstan» ЖШС иелігінде болған ғимарат жақын арада жабық түрде, яғни тұрғындарға жария қылмастан «Innovation Group» ЖШС-ке сатылып кеткен.

**Ержан
ҚОЖАС**

Тұрғындардың сөзінше, орталық тұрғын үйге жаспарлас салынған. Әрі оның жер-төлесінде тұрғын үйді жолумен қамтамасыз ететін торап та бар. Сондай-ақ көпқабатты «Хайвил Астана» тұрғын үй кешенінің бастапқыда жарнамасы жақсы болған соң шығар, көптеген астаналықтың үлескер болып, аталған аумақтан баспана сатып алуға бірден-бір ынтылы болғаны рас.

«2004 жылы құрылыс жүріп жатқан уақытта бізге қажеттінің барлығы болатынын айтты. Яғни

тұрғындар үшін үйден бөлек, мектеп, балабақша, сауда үйі, емдеу-сауықтыру кешені, автотұрақ туралы жарнама жасады. Көп азамат сол үшін қымбат екенінге қарамастан, осы жақтан пәтерге бар ақшасын құйып, тіпті жетпе-

ген жеріне банктен несие алып, үлескер атанды. Өйткені тұрғын-үй аумағына жататын әрі пәтер иелерінің қажетіне жарап тұрған мұндай нысандарды осындағы тұрғындардың игілігі болады деп сендік. Жеке қолға өтпейді деп ойладық. Себебі біздің де құқырысқа қатысты аз болса да үлесіміз бар деп ойлаймын. Бірақ белгілі болғандай, қазіргі несие бұл ғимаратпен қоса оның астындағы жер учаскесі мен іргелес аумақ та жекеменшікке берілген» дейді тұрғынның бірі Ләззат Хасенқызы.



Бүгінде 15 мың тұрғыны бар 8 блокпакт тұратын кешенде осыған қатысты көп сұрақ туындап отыр. «ҚР Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңның 49-1-бабына сәйкес, жер учаскесі кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне кіруі немесе мемлекеттік меншікте болуы тиіс екеніне қарамастан бұл учаскенің жекеменшікке берілуі дұрыс па? Құрылыс салушы тарапынан кондоминиум нысаны мемлекетке толық және заңды түрде тіркелген бе? «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға сәйкес аталған үйдің «Д» блогының мүлктің меншік иелері бірлестігіне қажетті құжат берілген бе?

«Бүгінде «Community Center»
сауықтыру орталығын сатып алған
иесі оны IT-мамандарына арналған
бизнес ғимаратқа айналдыратын

көрінеді. Тіпті оның үстіне тағы бір қабат етіп құрылып жүргізілген дерек бар. Ал бұл тұрғын үй кешенінің инфрақұрылымын бұзып қана қоймай, осында тіршілік ететін тұрғындардың өмір сүру сапасына да әсер етпек. Бұған қоса, пәтерлердің нарықтағы құнына кері әсер етуі мүмкін. Біз салық төлеуші әрі тұрғындар ретінде өз қауымымызды қорғау үшін Астана қаласының әкімдігіне ұжымдық шағым білдірдік. Ол тараптан бұл мәселе әлі қарастырылып жатыр. Шешімін күтіп отырмыз. Жалпы тұрғындар мен әкімдік өкілдері, «High Vill Kazakhstan» ЖШС және жаңа меншік иесі арасында ашық кездесу болып, мәселе толық тағыланбай болмайды» дейді тағы бір тұрғын Балқия Бейсенғалиева.

Тұрғындардың бір ғана өтініші бар. Ең бастысы, 2012 жылдан бері жұмыс істеп келген «Community Center» нысанын сақтау керек. Өйткені ол ғимараттағы барлық қажеттіні мұндағы жас та, жасамас та тұрақты пайдаланып келген.

– Біздің ғимарат астындағы жер учаскесінің жекеменшікке берілуін және кондоминиум құрамының қалыптасу заңдылығын тексерсе екен дейміз. Өйткені оны сатып алған адам бұл манды өз мүддесі үшін бұдіре ме деген күдік бар. Бүгінге дейін «Community Center» орталығы өз функционалдык міндетін керемет атқарды десе м болады. Осындағы барлық санаттағы тұрғындар үшін денсаулығын сақтау, спорттық және мәдени мақсаттағы түрлі қызмет көрсететін тамаша орын болғаны

да рас. Үлкен-кішіміз, балаларымыз да осы клубтың мүшесі болып келдік. Мұнда жылдық, айлық және отбасылық клубтық карталарды сатып алып, денсаулығымызды күтуге, жақсартуға пайдаландық. Осында бірі жүзуге келсе, бірі тренажерлік залда жаттығып келді. Немерелеріміз де осында спорт секцияларына қатысуда. Тіпті арбаға таңылған мүмкіндігі шектеулі балаларымыз да осында ем алып жүр емес пе?! Енді олардың болашағы қалай болмақ? – дейді Айнуір Әбуқызы есімді тұрғын.

Астанадағы алып үйдің пәтер иелері өз шағымдарына әділетті шешім шығады деген үміт жетегінде отыр. Ал мәселе жағдай кері кеткен жағдайда, олар Жоғарғы Сотқа дейін шағымданатынын ашық білдірді.



№947 (4791) 24/04/2025 Бейсенбі

83 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ...

Екінші дүниежүзілік соғыс бұл тек тарих кітаптарындағы беттер ғана емес, бұл – туған жерін, туған халқын қорғау үшін жанын қиған миллиондаған боздақтың тағдыры.

Халқымыздың ардақты ұлдары – Ресей Мемлекеттік Дума-сының алғашқы екі шақырылы-мының депутаты, заңгер Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов пен қоғам қайраткері, алашшыл азамат Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжановтың туған інісі, Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен жауынгер Жұмахан Қорғанбекұлы Бірімжановтың жатқан жері араға 83 жыл салып анықталды. Бұл – бір әулет үшін ғана емес, барша ұлтымыз үшін аса маңызды тарихи жаңалық.

Жұмахан Қорғанбеков – қа-тардағы жауынгер, атқыш. Ол 1919 жылы Қазақ КСР, Қостанай облысы, Торғай ауданы, №3 ауылында (қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданында) дүниеге келген. Ел басына күн туып, сұрапыл соғыс басталған-да, 1941 жылы Алматы қаласы, Фрунзе аудандық әскери комис-сариятынан әскер қатарына шақырылып, майданға аттанды.

Оның тағдыры жайлы мәліметтер ұзақ жылдар бойы белгісіз болып келді. Алайда Ресей Федерациясы Қорғаныс ми-нистрлігінің Орталық мұраға-тындағы №58 қор, 18004-тізім, 212-іске тіркелген құжаттардың арқасында оның ерлікпен қаза тапқан жері мен мәңгілік мекені анықталды.

Ол 1942 жылдың 19 желтоқ-санында Ресейдің Волгоград об-лысы, Советское ауылындағы ауыр шайқастардың бірінде ер-лікпен қаза тапты. Оның сүйегі кейіннен Волгоград облысы, Ка-лачевский ауданы, Калач-на-До-ну қаласындағы «Павших бор-цов» алаңында орналасқан ба-уырластар зиратына қайта жер-ленген. Оның жерлеу нөмірі – №90145571.

Бұл жаңалық соғыс жылда-рында шейіт кеткен боздақтар-дың есімі ешқашан ұмытыл-майтынын айғақтайды. Араға 83 жыл салып оның ерлік жолы қайта жаңғырып, есімі туған халқымен қайта қауышты.

Ендігі бір олжамыз – қоғам және мемлекет қайраткері, «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесі төрағасының орынба-сары, ҚР Ұлттық ғылым акаде-миясының құрметті академигі, Педагогикалық білім беру ха-лықаралық, Қазақстан педаго-гикалық, Ресей педагогикалық академияларының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбай-ұлының туған әкесі және қайын атасы – Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен жау-ынгер әкесі – Озғанбай Шо-панұлы және қайын атасы – Нұрберген Сұлтанбекұлының жатқан жері анықталды.

Озғанбай Шопанов 1915 жылы Қазақ КСР, Гурьев об-

лысы, Маңғыстау ауданы, Ақтөбе ауылдық кеңесінде дү-ниеге келген. 1942 жылдың 2 қыркүйегінде Гурьев облы-сы, Шевченко ауданы бойын-ша Шевченко аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылды.

РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық архивіндегі (ЦАМО)

күресіп, ерлікпен қаза тапқан қаһарман. Ашық архивтер мен Қорғаныс министрлігінің Орта-лық архивінен (ЦАМО) алынған мәліметтерге сәйкес, Нұрберген Сұлтанбеков есімімен байланыс-ты екі түрлі жазба бар.

Бірінші деректе Нұрбер-ген Сұлтанбеков 1901 жылы Түрікмен КСР-і, Қызылқұм облы-

туралы нақты мәлімет жоқ.

Екінші деректе Нұрбер-ген Сұлтанбеков 1904 жылы (кейбір құжаттарда 1900 жыл деп көрсетілген) Қазақ КСР-і, Гурьев облысы, Маңғыстау ауданында дүниеге келген. Ол да 1942 жылдың наурыз айында Қара-Боғаз-Гол әске-ри комиссариатынан әскерге шақырылып, 681-атқыштар полкі, 133-атқыштар дивизия-сының құрамында соғысқан. 1943 жылдың маусым айында хабарсыз кеткен.



мәліметтерге сәйкес, Озғанбай Шопанов 13-запас атқыштар ди-визиясының 92-запас атқыштар полкінде (92 эсп, 13 эсд) қызмет еткен. 1942 жылдың 17 қыркүйегінде ол бұл бөлімге 13-запас атқыштар бригадасынан (13 эсбр) келген.

1942 жылдың 25 қазанын-да Озғанбай Шопанов Б/1512 командасымен 61-армияның штабына жіберілді. Сол уақыт-та 61-армия Тула облысының Белёв қаласы маңында орна-ласқан болатын. Бұл оның май-дан шебіне жақын орналасқан әскери бөлімге өткені және соғыс қимылдарына тікелей қатысқаны жайлы көрсетеді. Алайда оның есімі қатардағы жауынгер (қызыл әскер) ретін-де тіркеліп, 61-армия қатарына кеткен соң, басқа дереккөздерде кездеспейді. Бұл оның дәл осы кезеңде – 1942 жылдың соңын-да немесе 1943 жылдың басын-да Тула облысындағы ұрыстар кезінде қаза тапқанын болжауға негіз береді. Бірақ өлімі туралы нақты дерек тіркелмеген.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихында ерліктері жайлы аз мәлім болғанмен, есімі халық жадында мәңгі сақталған та-лай жауынгер бар. Солардың қатарындағысы – Нұрберген Сұлтанбеков. Ол – Отан үшін

“
РФ Қорғаныс министрлігінің Орталық ар-хивіндегі (ЦАМО) мәліметтерге сәйкес, Озғанбай Шопанов 13-за-пас атқыштар дивизиясының 92-запас атқыштар полкінде (92 эсп, 13 эсд) қызмет ет-кен. 1942 жылдың 17 қыркүйегінде ол бұл бөлімге 13-запас атқыштар бригадасынан (13 эсбр) келген

сы, Қара-Боғаз-Гол ауданында, Ворошилов атындағы колхозда дүниеге келгені көрсетілген. Ол Қара-Боғаз-Гол әскери ко-миссариатынан әскерге шақы-рылып, 72-огсп САВО бөлімін-де қатардағы жауынгер болып қызмет еткен. Оның тағдыры

«Халық жады» дерекқорын-дағы мәліметтерге сәйкес, Нұр-берген Сұлтанбеков 1943 жыл-дың қаңтар айында көрсеткен ерлігі үшін екі мәрте «Жауын-герлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Біз бұл жауынгерлердің есімін ұмытпай, келер ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз. Әр құ-жат, әр медаль, әр бауырластар зиратындағы жазу – бұл үнсіз болса да мәңгілік естелік. Ол – тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының баты-ры. Өйткені ол бейбіт өмірді сақтап қалу үшін, болашақ ұр-пақтың азат елде өмір сүруі үшін күресті.

Бүгінде біз осындай батыр-ларымыздың арқасында тәу-елсіз елде өмір сүріп отырмыз. Олар біздің тарихымыздың ең жарқын беттерін жазды.

Соғыстың әрбір батыры ұмытылмауға тиіс. Себебі олар-дың қанымен, жанымен кел-ген жеңіс – біздің халқымыз-дың даңқы.

Ерлік – мәңгілік! Батырлар ұмытылмайды!

**Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының ғылыми
қызметкері**

«Ер туады ел үшін» дегендей, ел басына күн туған заманда ер-азаматтарымыздың барлығы майданға аттанды. Тылдағы бар-лық ауыртпалық белі бүгілген қарттар мен әйелдерге, буыны қатпаған жас балаларға түсті. Солардың бірі – бүгінде жасы 97-ге келген Мақастан Жағыпарқызы.

ТЫЛ БЕЙНЕТІН ТАРТҚАН

Мақастан апа 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облы-сына қарасты Есіл ауданы Қарағай ауылында дүние-ге келген. Әкесі Сыздық соғысқа кеткенде, 13 жасар жасөспірім екен. Анасы Ал-тыншаш шиеттей үш бала-мен төртінші балаға аяғы ауыр жағдайда қалса да, ерінің орнын жоқтатпай, колхоздың жұмысына ара-ласты. Жұмыс күші жетпей жатқандықтан, Мақастан да ересектермен бірге жұмыс істеді.

Жылдың төрт мезгілін-де бір бітпейтін ауыл ша-руашылығының жұмысы қажытса да, елдің әскерге көмек жасап, жеңісті жақын-датамыз, жауды жеңеміз де-ген сенімі мен ынтасы бар-лық ауыртпалықты ұмытты-ратын. Егіс даласындағы жер жырту, астық жинау, оны қамбаға тасып, тазалау сияқ-ты көзге көрінбейтін жұ-мыстар бір толастамайтын. Оны аяқтасаң, мал азығын дайындауға көмек жасау ке-рек. Шөп шабу, оны тиісті жерлерге тасу, мал қорала-рын қысқа дайындау, мал төлдету, қой қырку сияқты жұмыстардың бәрін ешбір ренішсіз атқаратын. Күн ұзақ бел шешпей, ашқұрсақ жүріп, шаршаса да, кешкілік жауынгерлерге жылы киім тігіп, шұлық, биялай тоқып, жөнді ұйықтамайтын еді.

Бейбіт күнде алаңсыз бесігін тербетіп жүрген ана-лар соғыс кезінде тау қопа-рып, түрен салды. «Намыс пен кек, майдандағы аза-маттардың қан кешкен ауыр жолы, жесір әйел, жетім ба-лалар тартқан тақсырет, жау-ға деген өшпенділік тылдағы адамдарды ширатып, қатай-та түсті. Бала болып ойнау емес, үлкендерше ойлау ба-сым болды» деп тебірене еске алады Мақастан әже.

Сұрапыл соғыс жылда-рының барлық қасіреті мен қиындығын бала болса да басынан өткерген Мақастан соғыс аяқталғанда әкесін оралар деп күтті. «Хабарсыз кетті» деген тілдегі қағазға сенбей, ішінде тірі болар деген сенім өшпейтін еді. Бірақ қаншама жыл өтсе де, әкесі Сыздық келмеді. 30-ға толмай төрт баламен жесір қалған анасы қайта тұрмыс құрмай, 104-ке келіп қай-



тыс болды. Соншама жасқа жетіп, ұзақ жасаса да, көзі жұмылғанша асыл жартын күтумен, сағынумен өтті. Арды ойлаған қайран біздің аналар десеңізші!

«Жетім қозы тас бауыр, тұңілер де отығар» деген-дей, жылап жүріп, өксі жүріп, соғыс жетімдері де жетілді. Балалық шағын соғыс ұрлаған, бір күн ұй-қысы қанып тұрмаған, бала болып қызық көрмеген, қыз болып қызғалдақ термеген, әкесін көмгенін көрмеген шерменде, хабарсыз кеткен соғыстың соңғы солдатының қызы Мақастан да бұл күн-де кейуана – әже болды. Тағ-дыр табыстырған Нұрдәулет отағасы екеуі 5 бала тәрбие-леп өсірді.

Қазіргі таңда Шынар де-ген қызының қолында қа-зыналы қарт болып отыр. «Біздің көрген бейнетіміз бен қасіретімізді кейінгі ұрпақ көрмесін» деп аналық жүре-гімен ел тыныштығын тілей-ді. Тылда еңбек етіп, қанша-ма қиындық көрсе де мойы-маған, өміріне риза болған әженің көрген бейнетін ай-тып тауыса алмайсың. Соғыс-та хабарсыз кеткен жауын-гердің жесірі ретінде Үкімет тарапынан ешбір еңбегі еленбей, елеусіз өтті.

Иә, бұл – бір ғана Мақа-стан Жағыпарқызы ғана көр-ген қиыншылық емес, соғыс жылдарында тылда еңбек ет-кен барлық адамдардың ба-сынан өткен тағдыр.

Ел, жер, Отан үшін жұды-рықтай жұмылып, қажыр-қайрат көрсете білген арда-герлерімізге, тыл еңбеккер-леріне алғысымыз шексіз. Ел іргесі аман, бейбіт заман болсын!

**Қарлығаш ҚҰСПАН,
Астана қаласы
Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі**

МЕМОРИАЛДЫҚ ЖАСАҚ ЭКСПЕДИЦИЯҒА АТТАНДЫ

Санкт-Петербург маңындағы Синявин биіктерінде қаза тапқан қазақстан-дық жауынгерлердің сүйектерін іздеумен айналысатын «Мемориалдық аймақ» іздеу жасағы 47-экспедициясына аттанды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Санкт-Петербург маңындағы Синявин батпақ-тары мен биіктерінде Ақмола және Петропавл қалаларында құрылған қазақстандық 310, 314-атқыштар дивизиялары ерлікпен шайқасқан болатын.

Астана қаласындағы Қару-лы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығынан сал-танатты жағдайда жолға шыққан

экспедиция соғыс кезінде қиян-кескі шайқастар өткен Синявин биіктерінде 15 күн іздеу жұмы-сын жүргізеді. Экспедиция құра-мындағы ардагер-іздеушілердің ең жасы 57 жаста болса, «Мемо-риалдық аймақ» жасағының ко-мандирі 82 жаста.

«Біз бұл жолы «Ұрысқа тек қарттар ғана барады» деген ұранмен бара жатырмыз. Күні-не орта есеппен батпақты жерде

30 шақырым жүріп өтеміз. Бірақ мен бұл Синявин батпағы мен биіктігінде «еңбек ету» мүмкін-дігін ешбір әлемдегі курортқа айырбастамаймын. Біз қасиет-ті іспен айналысып жатырмыз – сол жерлерде мәңгі қалған-дар үшін аяқталмаған соғысты аяқтап келеміз деген ой мені ша-быттандырады» деді шығарып салу рәсімінде жасақ командирі Майдан Көмекұлы Құсайынов.



«Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесі мен Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің ұжымдары Республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары Озғанбаев Өмірзақ Озғанбайұлының жұбайы

Ниязова Нұрияш Нұрбергенқызының қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ТАҒЫМ



Қазақ әдебиеті мен өнері орны толмас ауыр қазаға ұшырады. Классик жазушы, драматург, киносценарист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Франц Кафка медалінің иегері, Еңбек Ері Әкім Тарази 92 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

ЖОЛЫ БОЛҒАН ЖАЗУШЫ

Әу баста Әшімов тегін иеленген қаламгерді қалың оқырман қауым Тарази деп таныды. «Әдебиет шаһарының Әкімі» атанған жазушы қазақ прозасы мен драматургиясының, кино өнерінің өрлеуіне сүбелі үлес қосты. «Құйрықты жұлдыз» атты алғашқы кітабынан бастап соңында мол мұра қалдырды. «Етікші» аталатын тырнақалды туындысымен қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповті елең еткізді. Шығармалары еліміздің шекарасынан асып, орыс, венгр, чех, неміс тілдерінде жарық көрді. Тарази туындыларын Түркия мойындады. Бауырлас елдің ғалымдары шығармаларын зерттеу нысанына айналдырды. Бұған осыдан екі жыл бұрын қаламгер тоқсан жастың төріне шыққанда көз жеткіздік.

Сол уақытта Астананың «Жастар» театры «Жолы болғыш жігіт» драмасын жаңғыртқан еді. Осыдан жарты ғасыр бұрын жазылған пьеса кезінде қарашаңырақ Мұхтар Әуезов театрында қойылып, онда қоғамның бар дергі батылдықпен айтылды. Жаңа заманда жаңаша жаңғырған туындыда көтерілетін мәселелер өзектілігін әлі күнге дейін жоймады. Сонда қоғамның немесе белгілі бір мекеме басшыларының жаңашылдықты қабылдамауы, бюрократия, бастықтардың «өзім білемдікке» салынып, белден басуы, таланттардың, еркін ойлы, өз еліңде теперіш көрген азаматтардың шетел асуы – бүгінгі күннің де шындығы.

Осы орайда Әкім Таразидің «Әлия» атты екі бөлімді трагедиясы барын айтсақ, артық болмайды. Осыдан 41 жыл бұрын жазылған бұл туынды 1985 жылы «Герой и время» бәйгесінің жүлдесін иеленді. Шығарма Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының қорында сақтаулы. Қазақтың ержүрек қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова туралы шығарманы жаңғыртса, Женістің 80 жылдығы мен батыр қыздың биылғы 100 жылдығы мерейтойына тамаша тарту болар еді.

Әкім Уртағұлун жұрт кинодраматург ретінде де біледі. Оның қаламынан «Тұлпардың ізі», «Арман-атаман», «Қараш-қараш оқиғасы», «Мұстафа Шоқай», «Қызжылаған» сынды алды қазақ кино өнерінің алтын қорына енген көркем фильмдердің сценарийлері туды. Қаламгер «Қазақфильм» киностудиясында сценарийлік редакциялық алқа мүшесі, бас редактор болды. Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының бірінші хатшысы қызметін атқарды. Оның тұсында қазақ кино өнері өрлеу кезеңін бастан кешірді.

Әкім Тарази еңбек жолын орта мектепте мұғалім болып бастады. «Ара» сатиралық журналында әдеби қызметкер, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде жауапты хатшы, Мәскеуде жығатын «Литературная газета» басылымының Қазақстандағы меншікті тілшісі болды. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарды. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы мен Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде шәкірт тәрбиеледі.

Быттыр елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада Әкім Тарази залының ашылу салтанаты мен қаламгердің XIII томдық шығармалар жинағының таныстырылымы өтті. Ал 90 жылдық мерейтойы тұсында көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлы газетімізге арнауын берген еді. Сол кезде белгілі себеппен жарияланбай қалған мына өлеңде жазушының болмысы жатыр:

Қадір тұтып сыйлайды жұрағатың,
Қыр соңыңнан қалмай жүр қыран атын.
Әкімдер көп ай сайын ауысатын,
Мен білетін қазақта бір-ақ Әкім.

Мінезің бар өзіңе жарасатын,
Қаламгер жоқ сөзіңе таласатын.
Әкім деген әйгілі есімменен
Бірге жалғап келесің Тараз атын.

Аңыз болған ел-жұртқа осы күнде,
Туралық бар бұлтартпас кесімінде.
Мың әкімнің атынан биік тұрған,
Бір қаланың аты бар есімінде.

Жақсы кісі өзіңдей сірә, бар ма,
Сәлем айтып жатасың сұрағанға.
Тура жолдан тайқымай тайталасып,
Бетің қайтпас, беріксің Бір адамға.

Жарық күннен
Үзбейсің үмітті алдан,
Соның бәрі –
Шырығып, шыныққаннан.
Мінезің бар,
Дәл сондай болмағанмен,
Бауыржан мен Шерханнан
Жұғып қалған.

Саясаттың қамалын бұзып тұрып,
Жеткізесің санаға сызып тұрып.
Халқың сенің соңыңнан еріп кетер,
Қалиханды айтқанда қызықтырып.

Бабалардан белгілі бата алғаның,
Спортта да,
Боксер боп атанғаның.
Күйреп кейде
Көңілсіз отырасың,
Сиреп бара жатқан соң қатарларың.

Прозаның өзінде бабы басым,
Драмада таға алмас тағы да сын.
Ақанды айтып,
Ай сайын есіңе алып,
Сағат сайын Сайынды сағынасың.

Дау жұқпайды ешқашан дарындыға,
Жау жоламас қашанда қарымдыға.
Жүре келе аңдадың қас пен досты,
Жүре келе таңдадың жарыңды да.

Кетіп қалмай құр дүрмек ағынменен.
Не болса да жүресің бабыңменен.
Талайлардан биік боп көрінеді,
Шымыр болып жаралған
Шағын денең.

Дақ түсірмей
Даңқыңа, атыңа да,
Аман-есен жүре бер, Әкім аға.
Өркен жайып өмірің ұрпағыңмен,
Ұзақ болсын ғұмырың сахнада.
P.S. Қиын емес
Қия – шың,
Құз дегенің.
Қиналмай-ақ табылар іздегенің
Жамбыл атаң жүрген соң
Жүрегінде –
Қолын созып тұр, міне,
100 дегенің!

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ

Жазушы қазақ әдебиеті мен кино өнері тарихына атын өшпестей етіп жазып кетті. Жұмыр жердің бетінде өз миссиясын түгел атқарып кеткен, жолы болған бір жазушы болса, бұл Әкім Тарази шығар.

Қаламгердің отбасына, туған-туысқандары мен жақындарына «Elorda Aqparat» ұжымы, «Астана ақшамы» газеті редакциясы атынан көңіл айтамыз. Амал дәптері оң жағынан беріліп, жаны жәннаттан орын алғай.

Ислам ілімі сан қырлы, жай адамға дін-исламның терең қатпарларын, оның құқықтық мектептері мен түсіндірмелерін түсіну өте күрделі. Бұл жол ислам ілімінің ізіне түскендер үшін де жеңіл жүк емес. Момынның бес парызын ұстауының өзі, оны және барлық істі ихсан дәрежесінде, яғни риясыз көркем түрде толыққанды жасаудың бұл дүниенің сынақтарынан сүрінбей өтуіне көп себеі тиеді. ҚМДБ-ның шариғат және пәтуа бөлімі меңгерушісі қоғамдық негізде ҚМДБ Төраға орынбасары, наиб мүфти қызметін де атқарып жүрген Сансызбай Құрбанұлынан Құран кәлама, шариғат жайын сұрамай, қазақ жеріндегі қанат жайған ислам тарихы туралы, дәстүріміз бен дініміздің тоғысқан түйіндеріне тоқталуын өтінген едік.

Айгул
УАИС

Ата-бабаларымызға осы хақ дінді қабылдап Алланың алдында жүзімізді жарық қылып қалдырғанына Алланың рахматы болсын! Ислам діні – ұлтымыздың басты рухани негізі, ата-бабаларымыз ұстанған, қас-тер тұтқан жолы. Біздің ұлттық сана-сезіміміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз асыл дініміздің құндылықтарымен бірге дамыды. Бір-бірімен астасып, ажырамас құндылыққа айналды. Сан ғасырлардан бері дініне бекем халық, Құран сөзі мен хадистерін терең түсініп сөзінің мәйегіне айналдырған. Қазақтың қай мақалын алып қарасаңыз да, астары ізгіліктің жібімен әдіптеліп, арқауын діннен тартады.

– VII ғасырдың екінші жартысында ислам діні Хорасан мен Мәуэрәннәхрге таралғаны белгілі. Бұл арғы жағы Ауғанстан қазіргі Орта Азия мен Қазақстанды алып жатқан аймақ қой.

– Ислам діні қазақ топырағына VIII ғасырда келді. 751 жылдан кейін ислам кең қанат жая бастады, күні кешеге дейін ислам туы біресе шарықтап желбіреп, иісі мұсылмандардың жүрегінде маздап жанып, небір замандарда дініміздің қуғын-сүргінге түскен кезеңдері де болды. Арғы тарихта Мұғаяның дәуірінде 674 жылы Самарқанд пен Бұхараға жорықтар нәтижесінде бұл қалалар мұсылман билігіне өтеді. Хазірет Османның ұлы Сағид қолбасшы болған. Орта Азияға көз тіккен Әмәуи халифасы Әбдімәлік ибн Маруанның (685-705) жорықтары күшейіп, әскербасы Құтайба ибн Муслим әл-Бахилидің Азияның ірі қалаларын бағындырып, 714 жылы Шаш пен Фарабын алып, халыққа Алланың дінін насихаттаған. 751 жылы өткен Атлах шайқасы түркілердің түгел ислам дініне бет бұруының белесі болды. Одан бері қарай «ислам ашушы» Бабтардың келуі, 950-1212 жылдар Қарахан хандығы тұсында исламның өркен жайғанын білеміз, Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірі, Орталығы Шу өзені бойындағы Баласағұн, кейінірек Ордакент (Тараз) қаласы болды. Қарахандықтар билігінің негізін қалаған Сұлтан Саттық Бұғра хан 955 жылы исламды қабылдап, өз есімін «Әбділкерім» деп өзгертті. Одан кейін Харұн Мұса қаған 960 жылы исламды мемлекеттік дін ретінде жария-



БИІК РУХ – ҚОРҒАНЫҢ

лады. Қарахандықтардан бастап түркілер фикһта – Әбу Ханифа, ақидада – Имам Мағруди, сопылықта – Қожа Ахмет Иасауи жолын ұстанды. Бабаларымыз дін мен дәстүрін сабақтастырып, өміршең ете білді. Осылайша саналы түрде қабылдаған ата-бабаларымыз дамудың жаңа сатысына көтерілді. Мұхтар Әуезовтің: «Түркі халықтары мұсылмандықты қабылдаған соң бір қырдан асып кеткендей болды» деген сөзінің мәні зор.

– Ғалымдар арасында әу баста діни сенімді алып келген араб-парсы мәдениеті Орталық Азияны мекендеген халықтардың, яғни түркілердің салт-дәстүрімен нәрленіп, жаңа өркеніет бүр жарды деген пікір бар.

– Батыс исламтанушы ғалымы А.Мең бұл өркеніетті «Мұсылмандық ренессанс» деп атады. Ал IX-XII ғасырлардағы мәдени өмірді зерделеген ғалым М.Хайруллаев: «Қалалар, қала мәдениетінің тез дамуы және мәдени байланыстардың артуының жемісі болған Ояну, Ренессанс осы дәуірде басталды. Орталық Азия ғылым-техника, руханият, тарихта теңдесі жоқ жетістіктерге қол жеткізді. әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Беруни, Фердауиси, Рудаки, Бухари, Ахмет Йүгнеки, Махмұт Қашқари, Замахшарий секілділер осы дәуірдің мәдени дамуының шыңы» деп жазыпты. Ғалымдар бір ауыздан исламның түркі жұртында гүлденіп өркен жаюын мәдениеттердің сұхбаттастығы, үндесуінің нәтижесінде болғанын айтады.

– Қарахан хандығынан кейін тарих сахнасында Шыңғысхан жорығы шықты. Бұл кезеңнің ислам дамуына ықпалы қандай болды?

– Қарахандықтар тұсында түркі мұсылмандары өздерінің діни жолын саралап, бағыт-бағдарын анықтап алғанымен, бұл кезеңде қазіргі қазақ халқының құрамына енген тайпалардың бәрі дерлік исламданбаған еді. Жоғарғы Ертіспен Орхон аралығын, Ханғайдан Тарбағатайға дейінгі жерлерді мекендеген кейбір-ру тайпалардың ислам дінін қабылдауы Жошы ұлысының құрылуымен тікелей байланысты.

Айта кету керек, кейбір араб-парсы тарихшыларының Шыңғыс хан жорығын айыптауына қарамастан, бұл жорықтың жалпы ислам әлемінің тұтастығына, соның ішінде ұлтымыздың рухани дамуына да әсерін ескеруіміз керек. Мысалы, Шыңғысханның жер қайысқан қолының мұсылманшылыққа бет бұруы. Араб түбегінен келген сахабалардың, олардың көзін көргендердің, оның бер жағындағы таба-табигиндердің, яғни соңғы толқын ислам уағызшыларының үгіті жетпеген өлкенің өкілдері өздері аяғымен келіп, ислам қайнарынан сусындады. Екіншіден, Бағдат халифаты Хулагу тарапынан құлатылғаннан кейін ислам Хорасан, сосын Дешті Қыпшақ даласына ойысып, XIII ғасырда Дешті Қыпшақ даласы түгел ислам туының астында ұйысты.

XV ғасырда Керей мен Жәнібектің Алтын Ордадан бөлініп, жеке хандық

құруы қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуының басты алғы шарты, бұл жолы да асыл дінінен айнымаған.

– Қазақ хандығы тұсынан бері алтын дарияның кемеріне сыймай тасыған руханиятымыздың асыл мектебіне тоқталмай, XIX ғасырдың басында патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлауына ауыссақ қалай қарайсыз?

– Патшалық ресейдің қазақ даласын жаулап алып, бодандықта ұстауының бір себебі – шоқындыру саясаты еді. Молдалардың қызметіне үкімет тарапынан қатаң бақылау қойылып, оларды әскери губернаторлар тағайындап, қызметінен босататын болды. 1889 жылы көкшетаулық қазақтар патшаға тікелей хат жазып, қазақтардың өз мүфтиін тағайындауын сұрағанмен, билік ескермейді.

VIII ғасырдан бастап XVIII ғасырға ұласқан дәуірде, шоқындыру саясаты үстемдік еткенше қазақ ұғымында болмыс-түсінігінде «тәңірші» деген сөз болмаған. «Тәңір» болған, Тәңір деген жалғыз егеміз. Бүгінде ұлтымыздың қадір-қасиетін терең түсінгендер таң қалуда. Халқымыз жаратылысында тасқа, пұтқа, отқа табынып кетпеген, әлемді шексіздік деп танып, аспан жердің иесі Тәңір деген. Арабша – Алла, парсыша – Құдай. Бүкіл әлемнің иесі адамзатқа не бұйырады, сол исламмен сәйкес келді. Бабаларымыздың бір демнен мұсылман болып кетуінің себебі – осы. Түркі халық батыр халық, біреуден ығып бұғып қалатын халық емес, уәдесіне берік, досқа адал, дұшпанға қатал. Жүрекке қонған соң дін есігін ашып келушілерді жүрегімен қабылдады, ақылымен санасына қондырды. Даналығымен көркейді. Әбу Ханифа мазхабында шариғаттың, ақылдың, әдеттің үкімі бар. Ислам деген бір Аллаға бойсұну, барлық жаратылыс бір Алланы дәріптейді. Дін атына өшіккен, құдайсыз қоғам құрмақ болған кеңестер дәуірі де артта қалғанмен, 1990 жылы Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының құрылуы – қазақ руханиятының қайта жаңғыруы еді. Алайда арада өткен жылдардың табы қалды, дәстүрлі құндылықтарды дәріптейтін ахундар, ишандар мен қазірет-халфелер өткен ғасырдың басында қуғындалып, дәстүр сабақтастығы үзіліп қалды. Сол кеңістікті пайдаланғысы келгендер алдымен шетелдерде оқып келген жас түлектердің максималист, басқа мектептерден алған білімінің негізіндегі ұшқары пікірлерін алып өзімізге қарсы пайдалана бастады. Одан кейінгі оң-солын енді тани бастаған тұста сырттан келген ағымдар, басқа идеология халқымыздың сара жолынан адастыруға тырысып бақты. Бірақ мың жылдан аса рухани тарихы мен тәжірибесі бар қазақ халқын иманынан айыра алған жоқ. Ұлтымыздың биік рухы асқақтай береді!

БІР ШАҢЫРАҚТА – ҚОС ҒАЛЫМ

Зинол аға – университет қабырғасында білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымның қатарындағы бірі емес, бірегейі, ғылымдағы жол көрсетуші рухани ағайым. Қамқор аға, жанашыр бауыр, балаларының әкесі, немерелерінің ақылман атасы, шәкірттерінің таңдаулы тәлімгері, ұстазы. Шаңырағы көпке үлгі болған ұлттық тәрбиенің ұйытқысы, ұлық болсаң, кішік бол дегендей, кішіпейілділігі мен көпшілділігімен биік тұлға.

Зинол-Ғабден Бисенғали – филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» тақырыбында кандидаттық, «XX ғасыр басындағы қазақ романы» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған.

Зинол-Ғабден Қабиұлы әдебиет тарихы мен теориясының мәселелерін түбегейлі зерттеп, XX ғасыр басындағы қазақ прозасымен, оның ішінде қазақ романы жөнінде, қазақ әдебиетінің тарихын ауқымды мол деректермен толықтырды. «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» (1989), «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), «XX ғасыр басындағы қазақ романы» 1-кітап (түрік тілінде, 2000), «XX ғасыр басындағы қазақ романы» 2-кітап (түрік тілінде, 2000), «Қазақ романы» (2003), «Абайтану және Абай қарасөздері» (қытай тілінде, 2006), «Қазақ әдебиеттануы» (2006), «Vnuuk ustanin dahi talebesi» (түрік тілінде), «III.Айтматов дәуірі» (2009), «Ұлттық рух жаршысы» (жапон тілінде), т. б. монографиялары мен елеулі шығармалары әдебиетіміздің ең көкейтесті мәселелерін қозғайтын зерттеуші ғалымдар мен әдебиет сүйер қауым көңілінен шыққан еңбектерге айналды. Ғалымның жетекшілігімен филология ғылымдарының бірнеше докторы, 30-дан астам ғылым кандидаты, ондаған магистр мен PhD докторлары дайындалды. Ғалым оқу-білім майданында әртүрлі қызмет атқара жүріп, оны ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шебер ұштастыра білді. Болашақ жас мамандардың жан-жақты даярлықтан өтуі үшін рухани байлық – көркем әдебиетке құмарлығын арттыруды, көптеген жұмысты көркем шығармалармен тығыз байланыстыра жүргізуді бір сәт естен шығармады. Жастарды әдебиетті сүюге, көркем шығарманы оқи білуге баулыған ұстаз тілі бай, сонар туындыларды өз мәнінде жеткізе білді. Тілге шебер, ойы жүйрік маманның әдебиетті сүюі оны жан-тәнімен насихаттауына да себеп болды. Қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті ақын-жазушыларының өмірбаянын, еңбектерін өз шәкірттеріне жете таныстыруды

Бір отбасындағы қос ғалымның қатар жүзуі, талмай талаптануы, ерінбей еңбектенуі, сол арқылы биік шыңға көтерілуі кездейсоқтық болмаса керек. Осындай тұлғалардан өнеге алып, ілім ілген біздің ұстаздар қатарында болуымызға тілекші болып жүрген Зинол-Ғабден Қабиұлы мен Жамал Айтқалиқызының өмірлік тәжірибесінен алған ұлағатымыз мол.



мақсат еткен ұстаз олардың шығармаларын зерттеп, талдап оқытуға ден қойды. Шәкірттерін білімімен байытып, озық тәжірибеге баулып, түлетті, көп жылғы оқу-тәрбие жұмысында жүздеген жас маманға жол сілтеп, «тұсауын» кесті. Оның өмірлік ұстанымы – халыққа, жас ұрпаққа қызмет ету, оларға терең теориялық, ғылыми және кәсіби білім беру, қоғам үшін пайдалы іс жасау.

Елімізге елеулі, халқымызға қалаулы, қатарына қадірлі, ұрпаққа өнеге, жайсаң жандардың бірі әрі бірегейі Жамал Айтқалиқызы Манкеева дер едім. Апайдың ұлағатын көріп, ақыл-кеңесін, айтқан өңгімесін тыңдаған кісі осылай десе керек.

Жамал Манкеева – филология ғылымдарының докторы, профессор. 1977 жылдан бастап осы кезге дейін ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қызмет атқарып келеді, лексикология бөлімінің меңгерушісі. Профессор Жамал Айтқалиқызының зерттеулеріне арқау болған басты бағыттар – түркітану, тарихи морфология, тарихи лексикология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, көркем мәтін лингвистикасы, лексикография салалары. Ғалым саналы өмірінде

ұлттық тіліміздің дамып, өркендеу жолында тер төгіп келеді.

Ал кісілікке келсек, апайдың адамшылық келбеті, терең білімі, көкірек көкжиегінің кеңдігі, қазақи жайдары мінезі көп кісіді кездесе бермейтін қарапайым қасиеттері десек, бұл пікірімізбен ешкім таласа қоймас.

Ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, тіліміз бен әдебиеттану саласында жоғары білікті мамандарды даярлау ісінде жетістіктері мол, ел зиялысына айналған ғалым әрі ұстаз Зинол-Ғабден Қабиұлы мен Жамал Айтқалиқызының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы екенін біз жүйемен сабақталған сөз сырынан аңғарсақ дейміз.

Ұстаз шәкіртімен биік, оның ішінде еңбек биігінен көрінген шәкірттерімен бағалы десек, Зинол ағай мен Жамал апайдың шәкірттерінің арасында талай-талай азаматтар бүгінде қазақ қоғамының берік қорғаны, белді мүшелері.

Тілектес ТОҚСАНБАЕВА, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

ЖАРНАМА ЖАЛЫҚТЫРМАСЫН!

«Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Жарнама жалықтырып жіберді» деген мақала көпшіліктің көкейіндегісін қозғады деп ойлаймын. Мұны өзім де жазуды ойлап жүретінмін. Алайда біздің айтқанымызды, жазғанымызды елең қылатын жауаптыларды байқамай жүрмін. Теледидардың жүгіртпе жолдарында қателер жиі кетіп жатады. Бұл туралы «Астана ақшамы» газетіне бұрынырақ бір мақаламда жазған едім. Бірақ жағдай әлі сол қалпында, ештеңе өзгерген жоқ.

Президентіміз қанша айтса да, «еститін Үкімет» кейбір салада болмай тұрған сияқты. Жарнаманың керек екені түсінікті, бұл да кәсіпкерліктің бір құралы. Бірақ оны тиімді де ықшам етіп берген дұрыс болар еді. Ол, біріншіден, халыққа керек, екіншіден, қаржы көзі. Қазір теледидарда «Көршінің қызы» деген телесериал жүріп жатыр. Соны зайыбым екеуіміз көреміз. Бірде әдейі отырып уақытын анықтадым. Фильмнің ұзақтығы – 50 минут, соның үштен бір уақыты жарнамаға кетті. Жиі-жиі жарнама болған соң не көріп отырғаныңды ұмытып қаласың, онымен қоса біздің алтын уақытымызды жеп қояды. Қазіргі уақытта теледидарды, негізінен, «күміс жастағылар» мен зейнеткерлер көреді. Жастар мен ересектер көп

көрмейтін сияқты, өйткені олардың телефоны, интернеті бар. Құр сөзбен тәрбие нашар дейміз, іске келгенде оны байқамаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдары тәрбиенің ошағы болуы керек қой. Көбіне телеарналар төтенше жағдайларды, ұрыс-төбелесті негізгі тақырыбы ретінде көрсетеді. Тәрбиенің нашарлығынан, тиімсіздігінен жастар арасында түсінбеушілік жиі кездеседі. Қазір ақпарат кеңістігінде ажырасу, зорлық-зомбылық сияқты келеңсіз жағдайлар туралы жиі жазылып, теледидардан көрсетіледі. Алайда одан жағдай жақсарып жатқан жоқ. Бұрынғы «ұят болады», «обал болады», «еңбек ет», «кісінің ала жібін аттама» деген мағынадағы сөздерді отбасында да, оқу орнында да, жалпы қоғамдық орындарда жиі

қолданбаймыз. Үлкенге құрмет, кішіге ізетті кейбіреуі ұмытқан. Тәрбиені құрғақ сөзбен емес, іс жүзінде көрсетуіміз қажет. Жақсы тәрбие алған жастың қоғамдағы орны да, еңбегі де ойдағыдай болады. Бұқаралық ақпарат құралдарын осыған бағыттаған дұрыс болар. Жарнама қаржы табуды емес, көрермен оқушыны тәрбиелеуге бағытталса, ұтарымыз көп. Жалпы жарнаманы телефон мен интернетке ауыстырса да дұрыс, керек адам іздегенін содан тауып алады ғой. Теледидар басшылары біздің осы ұсыныстарымызды қабылдап, жарнаманы тиімді пайдаланудың басқа да жолдарын қарастырады деп ойлаймыз.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ, зейнеткер

Қазір арзан атақ, жеңіл ақшаның насихаты қатты. Ал шын мәнінде ел ертеңін жарқын ететін жел ақша, жеңіл жұмыс емес екенін ескере отырып, қоғамға үндеу жолдаймын. Әуелі жалпақ жұртқа жалт-жұлт еткен жарнамаға сеніп, арзымас күмәнді дүниеге сенбеңіздерші деп жар салғым келеді. Өйткені айналаның бәрі алаяқ қазір.

ОҢАЙ ЖЕМ БОЛМАЙЫҚ!

Мысалы, менің қолымдағы мына қалам 10 мың теңге тұрады. Осыны біреу сізге 2 мың теңгеге алып беремін десе, соған малданып опық жеп жатамыз. «Арзанның жілігі татымас» дейді. Демек, 10 мың теңгелік заттың 2 мың теңге тұруы мүмкін емес. Оның не пайдалану мерзімі өткен, не сиясы кепкен, әйтеуір дүдәмал дүние. Іс бітті, қу кетті. Болды.

Қазір қазақтың ең әлсіз әрі жанды жері – баспана. Өйткені үйсіз-күйсіз жүрген адам көп. Солардың жанды жерінен ұстап, тырп еткізбей ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланып, оңай олжа тапқысы келетін әккі алаяқтардың «Кооперативтік жолмен ипотекаға баспана алыңыз!» дейтін жарнамасынан көз сүрінеді.

Күні кеше Қаржы мониторингі агенттігінің елдегі ең ірі тұрғын үй кооперативтерінің бірі «Asar Basrapa-ны» қаржы пирамидасы деп айыптап, қызметін тоқтатып, ұйымдастырушыларды қамауға алғаны туралы тараған ақпарат қоғамды дүр сілкіндірді. Компания кеңсесін тінту кезінде 1,2 млрд теңге қолма-қол ақша, премиум-класты көліктер тәркіленді. Енді біздің телефонымызда тыныштық жоқ. Өйткені «Asar basrapa»-ның салымшылары өте көп екен. Олардың «үй аламыз» деп жүрген үмітінің бір күнде күл-паршасы шыға ма деп алаңдаймын. Салы суға кеткен салымшылардың көңілі күпті...

Әзірге атағы жер жарған «Asar Basrapa-ны» алаяқ, қаржы пирамидасы деп біржақты үкім кесуге қақымыз жоқ. Соттың шешімін күтеміз. Салымшылар қоныстойын тойлап, салған ақшасын қайтара алса жақсы, әрине. Олай болмаған жағдайда, мыңдаған адам тағы да «тұзаққа түсті» дей беріңіз. Дaudың көзесін сонда көреміз.

Сондай-ақ ірі компания мен банктердің атын пайдаланып, аңқау елді ақша салуға үгіттеп жүрген «Тендерная биржа» компаниясының үстінен 11 адам арыз жазып, қылмыстық іс қозғалды. Мен сіздерге айналасы үш-төрт күнде тіркелген екі деректі ғана айтып отырмын. Біздің қоғамда алаяқтар айнасын емір-еркін асырып жүр! Былтыр «алаықтық» бабы бойынша тіркелген қылмыстың саны 45 мыңнан асқан. Сенесіздер ме? 45 мыңнан асқан! Ал осы қаржы пирамидаларына халық бір жылда 20 млрд теңге салған.

Бұл бағытта Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ақпарат және мәдениет министрлігі, Ұлттық банктен бастап Қаржы мониторингі агенттігіне дейін барлығы жұмыла жұмыс істемесе, қам көңіл қара халықтың арман-тілегі әдірам қалып, әккі алаяқтар әлі талайды сан соқтырмақ.

Ең басты мәселе – халықтың қаржы сауатын арттыру. Алаяқтар жиі қолданатын жүйелерді БАҚ, әлеуметтік желі арқылы кеңінен тарату қажет.

Елдің бәрі телефонда отыратын заман. TikTok, Instagram, Facebook сияқты желілерді бақылауға алу маңызды. Себебі алаяқтар көбінде заманауи технологияны пайдаланып, әлеуметтік желі арқылы халықты алдап-арбап жатыр. Президенттен бастап, танымал миллиардерлердің фотосын, ірі компаниялардың атын жамылып, халықты инвестор болуға шақыратын псевдокомпанияларға бейресми ақпарат бойынша елде 150 мыңнан астам тұрғын тіркеліп үлгерген. Мұның бәрі несие алып, алданып жатқан жерлестеріміз. Ал оның арты үлкен әлеуметтік толқуға әкелетіні сөзсіз.

Әсіресе ипотекамен баспана алуға үгіттейтін тұрғын үй кооперативтерінің схемасын көпшілік әлі де түсіне бермейді. Әрине, кооперативтердің жарнамасы үйсіз жүрген адамды елең еткізбей қоймайды. Пайызсыз төлем дейді. Тұрақты табыс сұрамайды. Зейнетақы жинағына қарамайды. Кепілге мүлік талап етпейді. Алғашқы жарнасын төлесең болды. Кезегің келгенде үй аласың дейді. Былай қарасаң бәрі керемет. Сізге «Тұтыну кооперативі» туралы заңды көрсетеді. Пәтердің кілтін алып, қоныстойын тойлап жатқандардың бейнеролигін тықпалайды. Кооператив қызметкерлері де мұнтаздай, момын, монтаны. Ақ жейде киіп, галстук тағып алып: «біз алдамаймыз» деп айқайлап тұрғандай көрінеді.

Мені мазалайтын қауіп мынада: алдымен халық салған ақша уақыт өткен сайын құнсызданады. Екіншіден, нарықтағы пәтер бағасы тұрақсыз, тез өседі. Үшіншіден, мемлекет кооперативке кепілдік бере алмайды. Кооператив банк емес. Компанияның үстінен күндердің-күнінде арыз түсіп, сот басталса, онда үмітіңіз өшіп, пәтерсіз қалдым дей беріңіз. Кооператив төрағасы болса «қолыңнан келсе, қоншынан бас» деп тайрандап жүреді. Ешкім бақыламайды. Сондықтан «бүл нектен батпан құйрық» дегенді біліктің білетін кезі келді. Мұны халыққа да тиянақты түсіндіру керек.

Осы депутаттық сауал арқылы үй сатып алу үшін азаматтардың ақшасын тікелей немесе жанама түрде тартатын барлық кооперативтің қызметін қатаң түрде реттеуді сұраймыз. Сонымен қатар алданғандар санының артуына жол бермеу мақсатында Үкіметке келесі шараларды шұғыл қабылдауды ұсынамыз:

1. Тұтыну кооперативтерін бақылау және олардың қызметін регламенттеу үшін мемлекеттік органдардың үйлестірушісі айқындалсын;

2. Алданған халықтың саны одан сайын көбеймей тұрғанда псевдокомпанияларға тез арада жаппай жедел тексеріс жүргізіп, қаржы пирамидаларының белгілері мен қауіп туралы азаматтарды ақпараттандырудың әдісін уақыт өткізбей қолға алған абзал.

Мақсат ТОЛЫҚБАЙ, Мәжіліс депутаты





ТҮЙІНІ ЖОҚ ТАРТЫС

ӘЛЕМДІ ӘЛЕККЕ САЛҒАН СОҒЫС

Әскери операцияның Пасха мерекесі қарсаңында 30 сағат кідіріс тапқаны болмаса, жуық арада тоқтайтын түрі жоқ. АҚШ-тың соғысты уақытша тоқтатып, ортақ мәмілеге келу ұсынысы да орындалмай отыр. Бұған соғысқан екі тараптың келісімге келудегі талаптарының арасы тым алшақ жатқаны басты себеп. Мәселен, Ресей өзінің Қырымға иелігін заңдастыруды, Украинаның шығысындағы қазір өз бақылауына алған төрт облысты Ресейдің жері деп мойындауды талап етіп отыр. Бұған қоса, Мәскеу Украина тарапынан НАТО-ға мүше болмауға, әскер санын көбейтпеуге, қару-жарақ өндірісін дамытпауға кепілдік беруін талап етеді. Ал Украина болса Ресей әскерінің толықтай ел аумағынан шығарылуын талап етіп, Қырымды қамтыған аумақтар Украина жері, бұл мәселеде ешқандай ымыра болуы мүмкін емес деген ұстанымда қарысып отыр.

Жақында Батыс БАҚ-тарында «АҚШ Қырымды Ресейдікі деп мойындап, Украинаның НАТО-ға қосылуына тосқауыл қоймақ» деген ақпарат тарайды. «АҚШ Мәскеуге салынған санкцияларды жібітіп, Қырым мен Қара теңізді Ресей бақылайды дегенмен келісуге дайын. Бұл – бейбіт келісімге қол жеткізу үшін жасалатын қадам» деп жазады «Bloomberg» басшылығы. «The Wall Street Journal» басшылығы: «АҚШ ұсынған бұл жоспар – «көңсең де осы, көнбесең де осы» деген талап емес, Киевке жасалған ұсыныс қана. Киев осы аптада Лондонда өтетін кездесуде бұл ұсынысқа жауап беруі керек. Егер Украина келіссе, жоспар Мәскеуге жіберіледі. Ал Мәскеу оған көне ме, жоқ па, ол жағы белгісіз» деп жазады. Осы мәселеге байланысты алдыңғы күні Зеленский «Талқылайтын түк те жоқ. Бұл біздің Конституциямызға қайшы! Қырым – біздің жеріміз, Украина халқының жері» деп кесіп айтса, Еуродипломатия басшысы Кая Каллас «ЕО Қырымды ешқашан Ресейдікі деп мойындамайды» деп мәлімдеді.

КЕЛІССӨЗГЕ ЕУРОПА ҚОСЫЛДЫ

23 сәуір күні Украина, АҚШ және Еуропа елдерінің қатысуымен Лондонда маңызды келіссөз өтті. Бұл ақпаратты Украина президенті Зеленский де растады. «Сәрсенбі күні өкілдеріміз Лондонда жұмыс істейтін болады. Украина, Ұлыбритания, Франция, Америка Құрама Штаттары – біз соғысты сөзсіз тоқтатуға және кейіннен нақты әрі тұрақты

XXI ғасыр басында әлем дамудың жаңа сатысына көтерілгендей көрінгенмен, геосаяси текетірестер мен әскери қақтығыстар саябырсыған жоқ. Соның айқын дәлелі – 2022 жылдың ақпанында басталған Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс. Соғыс тек екі мемлекеттің ғана емес, күллі әлемнің тыныштығына сызат түсіріп, жарыса қаруланудың қайта басталуына мұрындық болды. Бұл соғыс қанды қақтығыстың айқын жеңімпазы болмайтынын анық аңғартты. Үш жылдан астам уақытқа созылған майданда екі жақ та орасан зор шығынға ұшырады. Украина өзінің егемендігін қорғауда табандылық танытса, Ресей әу баста алға қойған стратегиялық мақсатынан бас тартпай отыр. Сосын да қазір әлемдік қауымдастық бұл қақтығыс қашан және қалай аяқталады, бейбіт келісімге келудің жолы бар ма деген сұрақтарға елеңдеп отыр.

бейбітшілік орнатуға әрі қарай да барынша сындарлы түрде жылжуға дайынбыз. Қолдау көрсетіп отырған барлық серіктестерге алғысымды білдіремін. Соғысты сөзсіз тоқтату бейбітшілікке апарар алғашқы қадам болуы керек. Дәл осы Пасха кезеңі Ресейдің іс-әрекеті соғыстың созылуына себепші екенін тағы бір мәрте көрсетті» деп жазды Зеленский Ұлыбритания премьер-министрі Кир Стармермен телефонмен сөйлескеннен кейін әлеуметтік желіде.

Кездесуге Украина, АҚШ, Ұлыбритания мен Франция елдерінің кіші шенді өкілдері қатысты. Бұл жолғы отырыстың маңызы – Еуропа елдерінің келіссөзге қатысуында. Алайда келіссөз барысында Ресейдің Қырым мен Донбасс сияқты өңірлер мәселелеріндегі ұстанымдарына байланысты ортақ шешімге келе алмауы мүмкін деген болжам күні бұрын айтылған.

«Financial Times»: «Лондондағы кездесу қарсаңында Ресей президенті Путин соғысты осы жеткен майдан шебінде аяқтауды ұсынды» деген ақпаратпен бөлісті. Басылымның дерегінен, ол бұл туралы Петерборда өткен кездесуде АҚШ-тың арнайы өкілі Стив Уиткоффқа айтқан.

Еуропа демекші, Киев пен Мәскеу Ресейдің төртінші жылға ұласқан соғысын аяқтау жөнінде келісімге келе қалса, келісімнің орындалуын қадағалаймыз деген бірқатар еуропалық елдер наурыздың басында коалиция құрған. Оған НАТО-ның Еуропадағы мүшелері, сондай-ақ Австралия, Канада, Жапония және Жаңа Зеландия секілді елдер де кірген. Бірақ қазірге дейін коалиция әлі ешқандай нақты шешім қабылдамаған. Өйткені майдан даласында көп мәселе белгісіз. Бітім жасалса, шарты қандай болмақ? Оған АҚШ қатыса ма? Қатысса, қандай рөл атқарады? Өзара әріптестік ережесі қандай болмақ деген түйткілдер әлі анықталған жоқ. Дейтұрғанмен коалиция күштері Украинаға жеткен соң не істейтіні жөнінде бірнеше болжам бар. Ең

басты болжам – бұл күштер Украинаның батысындағы стратегиялық маңызы бар инфрақұрылымдарды күзетеді. Нақтырақ айтқанда, олар Львов айналасында ұшақтардың қонуына «қауіпсіз аймақ» құрмақ. Коалиция күштері Беларусь шекарасының түбінде және Одесса маңында орналастырылуы мүмкін деген де болжам бар. Бірақ қалай айтсақ та еуропалықтар АҚШ көмегінің Украинада ауқымды миссияны жүзеге асыра алмайтын сияқты.

ТРАМП ТА ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛДІ

Трамп президент болып тағайындалғаннан кейін үш ай өтпей жатып Украина мәселесінде сәтсіздікке ұшырады. Үлкен уәделер беру оңай, бірақ орындау қиын екенін түсінді. «Бәрін оп-оңай реттеймін» деген дипломатиясы сәтсіздікке ұшырады. Сосын да ол енді «Егер тараптар келісімге келмесе, біз келісімнен шығамыз» деп кері толғай бастады. Егер жағдай осылай жалғаса берсе, Трамп алдағы уақытта қос бірдей сәтсіздікке ұшырау қаупімен бетпе-бет келеді: бірі – келіссөз жүргізуші ретінде, екіншісі – одақтас ретінде. Трамптың қазіргі стратегиясы АҚШ-тың жаһандық ықпалын әлсіретіп қана қоймай, Ресейдің өктемдік әрекетіне жол ашып отыр. Яғни Трамп әкімшілігі Кремльге ынтымақтастық ұсынғанмен, Путин келіссөздерде үстемдікке ие екенін сезініп, ымыраға келуден бас тартып отыр. Жоғарыда айтқанымыздай, ол Ресейдің Қырымға және Ресей әскері басып алған украин жеріне иелік құқығын мойындауды талап етеді, Украина билігінің ауысуын, тіпті соғыс кезінде сайлау өткізу қажет екенін ашық айтып отыр. Қазір Трамп оны райынан қайтаруға қажетті ешқандай нақты тетікке ие емес, сол себепті ол Украинаға қысым көрсетіп, оны Ресейдің ығына жығылуға мәжбүрлеуді көздеп отыр.

Егер АҚШ-тың көмегі үзілсе, Украинада оқ-дәрі тапшылығы туады.

Аспаны ашық қалып, әуе шабуылынан қорғану қуаты қайта әлсірейді. Қазір майдан даласында қолданылып жатқан қару-жарақтың 40 пайызы Украинада өндірілген, бірақ ол Украина әскерінің қажетін толық қамтамасыз ете алмайды. Еуропа көмек береді дегенмен, АҚШ-тың араласуынсыз Еуропаның жәрдемі ештеңені өзгерте алмайтынын уақыт көрсетті. Ресей мұны жақсы біледі. Сосын да АҚШ-пен келіссөздерді соза отырып, уақыт ұтуға тырысуда. Оның үстіне әскери сарапшылар «Ресей Украинаның шығысындағы 4 облысты әкімшілік шекарасы бойынша басып алу үшін әлі бір жыл соғысуы керек» деп тұспал жасаған. Осы тұрғыдан алғанда, АҚШ соғысты зерттеу институтының «Ресей президенті Путин Украинаға қарсы соғысты әлі 12-16 ай бойы жалғастыруы мүмкін» деген болжамы негізсіз емес секілді.

Мәскеу ауқымды мобилизация жүргізіп жатыр. 160 мың жаңа сарбаздың шақырылуы – жағдайдың едәуір ушығып тұрғанының дәлелі. Украина командирлері бірнеше майданда кең көлемді шабуылдар басталуы мүмкін деп ескертуде. Әрине, Украина үшін жеңілу таңдау емес. Бұл ел әлі де берілмей, күресті жалғастыра бермек, өйткені оның еркіндігі мен тәуелсіздігі қыл үстінде тұр. Трамп Киевке Ресеймен нашар «бейбіт келісімге» келуді, Путиннің барлық талабын орындауды талап еткен күннің өзінде ешбір украин басшысы оған қол қоймайды – бұл саяси тұрғыдан өзін-өзі жоюмен тең.

Еуропалықтар үшін Украина тағдыры – өмір мен өлім мәселесі. Кәрі құрлық елдері қайтадан қарулану жолын іздеуде, алайда оған уақыт керек. Бұл дегеніміз – АҚШ қатысса да, қатыспаса да, Украина азаттық үшін соғысты әлі бірнеше жыл жүргізеді деген сөз. Егер Трамп бағытын өзгертпесе, тарих оны бейбітшілік орнатқан күшті көшбасшы емес, бос уәделерге сенген, өзімшіл әрі алақұйын адам ретінде еске алуы әбден мүмкін.

ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҒАРЫШТА ТАМАҚ ӨНДІРЕДІ

Британдық ғалымдар ғарышта азық-түлік өндіруге ниетті. Қазір олар зертханада өсімдіктің ғарышта қалай өсетінін тексеріп жатыр.



